

## Жануарлар дүниесі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 18-03/390 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 28 шілдеде № 11774 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 16 қарашадағы № 286 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 16.11.2020 № 286 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) "Балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерде кеме жүргізу режиміне келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) "Бекітілген лимиттер негізінде жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюға квоталар бөлу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) "Қазақстан Республикасының ішкі нарығында сауда үшін бекіре тұқымдас балық түрлері уылдырығының таңбасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) "Су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларын орнатуды келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

**5) алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.03. 2017 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

6) "Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес;

7) "Әкімшілік органның Жабайы флора мен фаунаның құрып кету қаупі төнген түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенция қолданылатын

жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағында әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсат беруі" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес;

8) "Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес;

9) "Облыстың жергілікті атқарушы органдарының жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру мен аңшылық және балық шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін сервитуттарды белгілеу жөнінде шешімдер қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес;

10) "Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес;

11) "Саны реттеуге жататын жануарлар түрлерін алып қоюға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.03. 2017 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
міндетін атқарушы*

*А. Мамытбеков*

**"КЕЛІСІЛГЕН"**

**Қазақстан Республикасы**

Инвестициялар және даму министрінің  
міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ Ә. Исекешев

2015 жылғы 29 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ Е. Досаев

2015 жылғы 27 мамыр

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрі  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 30 сәуірдегі  
№ 18-03/390 бұйрығына  
1 қосымша

**"Балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде,  
сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және  
(немесе) учаскелерде кеме жүргізу режиміне келісім беру"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

**Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. "Балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерде кеме жүргізу режиміне келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру " электрондық үкіметтің" [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) веб-порталдары (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі порталға құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап - 2 (екі) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі анықталған жағдайда , көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тартады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерде кеме жүргізу режимін келісу.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызмет берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлы қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі және сонда сақталады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік қызметті жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) тегін көрсетіледі.

8. Порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан

Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталған соң, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Көрсетілетін қызметті алушы порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжат:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерде кеме жүргізу режимін келісу туралы өтініш.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы, кеме билеті немесе кеме куәлігі туралы мәліметтерді көрсетілген қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе жолданады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9-1. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 16 қазандағы № 313-Ө бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8918 болып тіркелген) бекітілген Уылдырық шашу кезеңінде балық аулауға тыйым салынған, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде су көлігі қозғалысының ережесінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнайы құқығынан айрылған соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы.

**Ескерту. Стандарт 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.03. 2017 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

### **3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

**Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша не Министрлік басшысының атына 010000, Астана қаласы, Кенесары көшесі, 36-үй, мекенжайы бойынша, 8 (7172) 55-58-03 телефоны бойынша беріледі.

Шағым жазбаша түрде почта арқылы не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің не Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жолданады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті берушінің өтінімдерді өңдеуі барысында (жеткені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қарау немесе



қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылатын өтінім туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі не қызметті берушінің кеңсесінде қолдан беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Шағымда:

1) жеке тұлға – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), почталық мекенжайы;

2) заңды тұлға – атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті алушы өтінімге қол қоюы керек.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

#### **4-тарау. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар**

**Ескерту. 4-тарау жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің [www.moa.gov.kz](http://www.moa.gov.kz) интернет-ресурсындағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінің "Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары" кіші бөлімінде орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинеті" арқылы

қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Уылдырық шашу кезеңінде балық аулауға тыйым салынған, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде кеме қатынасы режиміне келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша  
Нысан

(кімге) \_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

(кімнен) \_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы)

мекенжайы \_\_\_\_\_

(индексі, қала, аудан, облыс, көше, үй №, пәтер № (бар болса), телефон) көрсетілетін қызметті алушының деректемелері

\_\_\_\_\_  
(бизнес-сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі)

**Балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде кеме қатынасы режимін келісу туралы өтініш**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кеме иесінің атауы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Кеме жүргізушінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Кеменің атауы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_



Кеменің тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_

Кеменің техникалық параметрлері (ұзындығы, ені, шөгуі):

Ұзындығы (метрмен) \_\_\_\_\_

Ені (метрмен) \_\_\_\_\_

Шөгуі (сантиметрмен, метрмен) \_\_\_\_\_

Кемедегі ескіш бұрандамалардың айналу жылдамдығы (айналым/минут) \_\_\_\_\_

Кеменің типі \_\_\_\_\_

Кеменің маркасы \_\_\_\_\_

Қозғалтқышының қуаты \_\_\_\_\_

Кеме қатынасының мақсаты \_\_\_\_\_

Қозғалыс мерзімі 20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейін

Жүзу бағдары \_\_\_\_\_

Тұрақ орны \_\_\_\_\_

Кеме билетінің немесе кеме куәлігінің нөмірі және күні \_\_\_\_\_

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік жайында хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісемін.

Өтініштің берілген күні 20 \_\_\_\_ жылғы " \_ " \_\_\_\_\_

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрі  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 30 сәуірдегі

## **"Бекітілген лимиттер негізінде жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюға квоталар бөлу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Бекітілген лимиттер негізінде жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюға квоталар бөлу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің, сондай-ақ балықшылар мен балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттар топтамасы Мемлекеттік корпорацияға тапсырылған сәттен бастап :

аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін алуға квоталар бөлу кезінде - аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар дүниесі объектілерін алу лимиттері бекітілгеннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн;

балық ресурстарын және басқа да су жануарларын алуға квоталар бөлу кезінде - балық ресурстарын және басқа да су жануарларын алу лимиттері бекітілгеннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін барынша жол берілетін күту уақыты - 15 (он бес) минуттан артық емес;

3) барынша жол берілетін қызмет көрсету уақыты - 15 (он бес) минут;

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттар қабылданған күн мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - тиісті жергілікті атқарушы органдарға жолданатын бекітілген лимиттер негізінде жануарлар дүниесі объектілерін алуға квоталар бөлу жөніндегі хаттама не мемлекеттік қызметті көрсетудің бас тарту туралы уәжді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға қағаз тасығышта мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының қолы қойылған, бекітілген лимиттер негізінде жануарлар дүниесі объектілерін алуға квоталар бөлу туралы хабарлама жіберіледі.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) тегін көрсетіледі.

8. Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесі - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес жексенбі мен мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз, сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз "электрондық" кезек тәртібімен көрсетіледі, электрондық кезекті "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы броньдауға болады.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін алуға квоталар бөлу үшін мыналарды ұсыну қажет:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аңшылық шаруашылығы үшін аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлері бойынша алу квоталарын алуға арналған өтінім;

жеке басын куәландыратын құжат, ал өкіл үшін - көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігін растайтын құжат және жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін).

Көрсетілетін қызметті алушы өтінімді алдағы жылдың 1 қазанына дейін ұсынады;

2) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын алуға квоталар бөлу үшін мыналарды ұсыну қажет:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде балық ресурстарын және басқа да су жануарларын алу квоталарын алуға арналған өтінім;

жеке басын куәландыратын құжат, ал өкіл үшін - көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігін растайтын құжат және жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

өтінім берілген күнге дейінгі бір айдан кешіктірілмей берілген, балық шаруашылығы субъектісінің атына тіркелген аулаушы және көліктік флот, оның ішінде шағын көлемді флот туралы аумақтық көліктік бақылау органының анықтамасы.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінімді алдындағы жылдың 1 ақпанына дейін ұсынады.

Құжаттар Мемлекеттік корпорация арқылы қабылдаған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында белгілеген мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей Мемлекеттік корпорацияға жеткізуді қамтамасыз етеді.

Көрсетілген қызметті алушы осы көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын бермеген жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Қалыптастырылған өтінімдерді (құжаттар топтамасымен бірге) Мемлекеттік корпорация курьерлік және (немесе) почталық байланыс арқылы көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды, оларға көрсетілетін қызметті берушінің алғаны туралы белгі қойылады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9-1. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-04/149 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10865 болып тіркелген) бекітілген Жануарлар дүниесі объектілерін алып қою квоталарын бөлу қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнайы құқығынан айрылған соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы.

**Ескерту. Стандарт 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.03. 2017 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

**3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның жұмыскерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

**Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның жұмыскерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

шағым көрсетілетін қызмет беруші, Министрлік не Мемлекеттік корпорация басшының атына осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почтамен не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымның қабылданғанын шағымды қабылдаған адамның аты-жөні мен тегі, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) растайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

Мыналардың:

1) жеке тұлғаның шағында оның аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты (бар болса), тегі, почталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның шағымында оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Арызға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

**4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар**



Ескерту. 4-тарау жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Тіршілік әрекетін шектейтін ағза функцияларының тұрақты бұзушылығы бар, денсаулығы нашар көрсетілетін қызметті алушыларға, қажет болған жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарын қабылдауды Бірыңғай байланыс орталығы (1414, 8 800 080 7777) арқылы жүгіну арқылы Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері олардың тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің [www.moa.gov.kz](http://www.moa.gov.kz) интернет-ресурсындағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінің "Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары" кіші бөлімінде;

2) Мемлекеттік корпорацияның [www.gov4c.kz](http://www.gov4c.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Бекітілген лимиттер негізінде  
жануарлар дүниесі объектілерін  
алып қоюға квоталар бөлу"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандартына  
1-қосымша  
Нысан

Хабарлама

Құрметті \_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызметті алушы)

Ескерту. Стандарт 1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сізді бекітілген лимиттер негізінде жануарлар дүниесі объектілерін алуға арналған

квоталар Сізге төменде көрсетілген кестеге сәйкес бөлінгені жайында хабардар етеміз.

| Р/с № | Бекітіліп берілген су айдынының (учаскенің) немесе аңшылық шаруашылығының атауы | Жануарлардың түрлері | Саны (тонна, дарак) |
|-------|---|----------------------|---------------------|
|       |   |                      |                     |

|   |   |   |   |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
|   |   |   |   |
|   |   |   |   |
|   |   |   |   |

Сұрақтар туындаған жағдайда \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызметті берушінің атауы және мекенжайы)

жүгінуді сұраймыз.

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

Мөр (бар болса) орны

Байланыс телефондары: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Күні 20 \_\_\_\_ жылғы " \_ " \_\_\_\_\_.

"Бекітілген лимиттер негізінде  
жануарлар дүниесін алып қоюға  
квоталар бөлу" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
стандартына 2-қосымша

**Ескерту. 1-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Нысан

\_\_\_\_\_ аңшылық шаруашылығы үшін

Аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлері бойынша

алып қою квотасын алуға

өтінім

| Аңшылық шаруашылығының атауы | Жануардың түрі | Үстіміздегі жылғы (дарактар) саны | Бекітілген (дарактар) алып қою квотасы | (Сұралып отырған алу квотасы (дарактар)) | Оның ішінде (тұяқтылар үшін) |            |      |
|------------------------------|----------------|-----------------------------------|--|--|------------------------------|------------|------|
|                              |                |                                   |  |  | аталықтары                   | ұрғашылары | төлі |
|                              |                |                                   |  |  |                              |            |      |
|                              |                |                                   |  |  |                              |            |      |
|                              |                |                                   |  |  |                              |            |      |

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және шынайы емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны  
құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінімді берген күн " \_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_ жыл.

(аңшылық шаруашылығы субъектісі басшысының тегі, аты, әкесінің аты  
(жеке басын куәландыратын құжатта бар болса),  
қолы, мөрдің орны (заңды тұлғаларға)

"Бекітілген лимиттер негізінде  
жануарлар дүниесін алып қоюға  
квоталар бөлу" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
стандартына  
3-қосымша

**Ескерту. 2-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР  
Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған  
күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
бұйрығымен.**

Нысан

**балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде  
жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюға  
өтінім**

Бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдынының және (немесе)  
учаскенің атауы \_\_\_\_\_

Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен немесе жергілікті  
атқарушы органмен жасалған балық шаруашылығын жүргізуге арналған  
\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ шарт.

Өткен жылы балық ресурстарының өсімін молайтуға  
(балықтандыруға) жұмсалған қаржы қаражатының көлемі \_\_\_\_\_ мың  
теңге.

Балық ресурстарын өңдеу бойынша технологиялық жабдықтардың  
бар-жоғы (тонна/жылына).

Өткен жылы бөлінген квотаның ағымдағы жылы нақты игерілуі  
\_\_\_\_\_ тонна.

Балық аулау Қағидаларына сәйкес балық ресурстарын аулайтын және  
басқа да су жануарларын аулайтын құралдардың саны, сүзекі \_\_\_\_\_ дана,  
құрма ау \_\_\_\_\_ дана.

Балық шаруашылығы субъектілерінің атына тіркелген балық аулау  
флоты өздігінен жүретін (40 ат күші бар) \_\_\_\_\_ бірлік, шағын

көлемді \_\_\_\_\_ бірлік.

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және шынайы емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінімді берген күн " \_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_ жыл.

(балық шаруашылығы субъектісі басшысының тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), қолы, мөрдің орны (заңды тұлғаларға)

Мөрдің орны

Қолы \_\_\_\_\_

"Бекітілген лимиттер негізінде  
жануарлар дүниесі объектілерін  
алып қоюға квоталар бөлу"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандартына  
4-қосымша  
Нысан

## Өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

**Ескерту. Стандарт 4-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) филиалының № \_\_\_\_\_ бөлімі (мекенжайы көрсетілсін) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбауыңызға, атап айтқанда:

жоқ құжаттардың атауы:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;
- 3) \_\_\_\_\_

ұсынбауыңызға байланысты, "Бекітілген лимиттер негізінде жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюға квоталар бөлу" мемлекеттік қызметін көрсетуге арналған өтінішіңізді қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат, әрбір тарап үшін бір-бірден 2 (екі) данада жасалды.

---

(Мемлекеттік корпорация жұмыскерінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

Орындаушы: \_\_\_\_\_

---

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

Телефоны: \_\_\_\_\_

---

Алдым: \_\_\_\_\_

---

(көрсетілетін қызметті алушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

20\_\_жылғы " \_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрі  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 30 сәуірдегі  
№ 18-03/390 бұйрығына  
3-қосымша

## **"Қазақстан Республикасының ішкі нарығында сауда үшін бекіре тұқымдас балық түрлері уылдырығының таңбасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.03. 2017 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Қазақстан Республикасының ішкі нарығында сауда үшін бекіре тұқымдас балық түрлері уылдырығының таңбасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.03. 2017 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация);

2) "электрондық үкіметтің" [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі"**

**Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияға тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде - 2 (екі) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін барынша жол берілген күту уақыты - 15 (он бес) минут;

3) барынша жол берілген қызмет көрсету уақыты - 15 (он бес) минут.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттар қабылданған күн мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - Қазақстан Республикасының ішкі нарығындағы сауда үшін бекіре тұқымдас балық түрлері уылдырығының таңбалары.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық/қағаз түрінде.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**



7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушылар) ақылы түрде көрсетіледі.

Ішкі нарыққа арналған таңбалардың құны және төлемақысының мөлшері жасауға жұмсалған шығындарды ескере отырып анықталады және Министрліктің [www.moa.gov.kz](http://www.moa.gov.kz) интернет-ресурсындағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары" кіші бөлімінде орнастырылады.

Төлемақы жасау екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма қол ақшалай немесе қолма қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады, сондай-ақ портал арқылы ақы төлеу "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Мыналардың:

1) Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесі - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, түскі үзіліссіз, сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік корпорация мемлекеттік қызметті көрсетілетін қызметті алушының қалауы бойынша алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, "электрондық" кезек тәртібімен көрсетеді, электрондық кезекті "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы броньдауға болады.

2) порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Заңның 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

Мемлекеттік корпорацияға:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат, ал өкіл үшін - көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігін растайтын құжат және жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

3) егер өтініш жасалған уылдырық:

табиғи болса - сатып алу-сату шартының көшірмесі;

тәркіленген болса - бекіре тұқымдас балықтарды табиғи мекендеу ортасынан алу, оларды сатып алу, олардың уылдырығын және өнімнің басқа да түрлерін өңдеу және экспорттау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік монополия субъектісінен сатып алынғанын растайтын құжаттың, сондай-ақ тәркілеу туралы сот актісінің көшірмелері;

жасанды болса - осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бекіре тұқымдас балық түрлерінің уылдырығын алу туралы ақпарат;

4) таңбалар үшін ақы төлеу туралы төлем тапсырмасының көшірмесі;

порталға:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) егер өтініш жасалған уылдырық:

табиғи болса - сатып алу-сату шартының электрондық көшірмесі;

тәркіленген болса - бекіре тұқымдас балықтарды табиғи мекендеу ортасынан алып қою, оларды сатып алу, олардың уылдырығын және өнімнің басқа да түрлерін өңдеу және экспорттау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік монополия субъектісінен сатып алынғанын растайтын құжаттың, сондай-ақ тәркілеу туралы сот актісінің электрондық көшірмелері;

жасанды болса - осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бекіре тұқымдас балықтардың уылдырығын алу туралы ақпараттың электрондық көшірмесі;

3) ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, таңбалар үшін ақы төлеу туралы төлем тапсырмасының электрондық көшірмесі.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы, балықтың қайдан ауланғаны туралы, Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және II қосымшаларына түрлері енгізілген жануарларды қолдан өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың әкімшілік органда тіркелуі туралы және (немесе) Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және II қосымшаларына түрлері енгізілген жануарларды қолдан

өсіру жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны жөніндегі хабарлама туралы, Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды:

Мемлекеттік корпорацияға тапсырған кезде - қағаз тасығыштағы өтініштің қабылданғанын тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат растайды;

портал арқылы тапсырған кезде - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын бермеген жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында белгілеген мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей, Мемлекеттік корпорацияға жеткізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша оның өкілінің) жеке басын куәландыратын құжат көрсетілген жағдайда, тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген жағдайда, хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9-1. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 қаңтардағы № 18-04/14 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10397 болып тіркелген) бекітілген Ішкі және сыртқы нарықтардағы сауда үшін бекіре тұқымдас балық түрлерінің уылдырығын таңбалау қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнайы құқығынан айрылған соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы.

**Ескерту. 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.03. 2017 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

**3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның жұмыскерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

**Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның жұмыскерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

шағым көрсетілетін қызмет беруші, Министрлік не Мемлекеттік корпорация басшысының атына осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почтамен не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымның қабылданғанын шағымды қабылдаған адамның аты-жөні мен тегі, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін

қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) растайды.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" арыз туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші арызды өңдеуі (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Мыналардың:

1) жеке тұлғаның шағымында оның аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты (бар болса), тегі, почталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның шағымында оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Арызға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11.Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

#### **4. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар**

**Ескерту. 4-тарау жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Тіршілік әрекетін шектейтін ағза функцияларының тұрақты бұзушылығы бар, денсаулығы нашар көрсетілетін қызметті алушыларға, қажет болған жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарын қабылдауды Бірыңғай байланыс орталығы (1414, 8 800 080 7777) арқылы жүгіну арқылы Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері олардың тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің [www.moa.gov.kz](http://www.moa.gov.kz) интернет-ресурсындағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінің "Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары" кіші бөлімінде;

2) Мемлекеттік корпорацияның [www.gov4c.kz](http://www.gov4c.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Қазақстан Республикасының  
ішкі нарығында сауда үшін  
бекіре тұқымдас балық түрлері  
уылдырығының таңбасын беру"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандартына  
1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрлігінің

Орман шаруашылығы және  
жануарлар комитеті

кімнен \_\_\_\_\_

(занды тұлғаның толық атауы,  
жеке тұлғаның (дара  
кәсіпкердің),

тегі, аты, әкесінің аты (жеке  
басын куәландыратын құжатта  
бар болса)

мекенжайы \_\_\_\_\_

(индекс, облыс, қала, аудан,  
көше, үй №, пәтер № (бар  
болса), телефоны)



Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.03. 2017 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

## Өтініш

Ішкі нарықтағы сауда үшін бекіре тұқымдас балық түрлері уылдырығының таңбасын беруді сұраймын.

Уылдырық түрлері туралы мәлімет:

| 1.  | Уылдырық түрі   |              |               | Түрлер бойынша сыйымдылық саны және түрлері |                             |                          |
|-----|---|--------------|---------------|---|-----------------------------|--------------------------|
| 1.1 | Мемлекеттік тілде   | Орыс тілінде | Латын тілінде | Сыйымдылық саны                             | Б і р сыйылуылықтың салмағы | Уылдырықтың жалпы көлемі |
| 1.2 |   |              |               |   |                             |                          |
| 1.3 |   |              |               |   |                             |                          |
| 2.  | Үлгінің шығу тегі (отандық-табиғи, отандық-жасанды, импортталған, тәркіленген)  |              |               |   |                             |                          |
| 3.  | Егер өтінілген уылдырық табиғи болса, балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтаманың нөмірі және күні   |              |               |   |                             |                          |
| 4.  | Түрлері Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және II қосымшаларына енгізілген жануарларды қолдан өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік органда тіркеу туралы куәліктердің (тің) нөмірі және күні (бар болса )                       |              |               |   |                             |                          |
| 5.  | Егер өтінілген уылдырық жасанды болса, түрлері Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және II қосымшаларына енгізілген жануарларды қолдан өсіру жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның (лардың) нөмірі және күні (бар болса) |              |               |   |                             |                          |
| 6.  | Егер өтінілген уылдырық импортталған болса, Құрып кету қаупі төнген жабайы флора мен фауна түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан  |              |               |   |                             |                          |

Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсаттың нөмірі және күні

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және шынайы емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтініш берілген күн " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл.

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, мөрдің орны (болған жағдайда))  
"Қазақстан Республикасының ішкі нарығында сауда үшін бекіре тұқымдас балық түрлері уылдырығының таңбасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына  
2-қосымша  
Нысан

Ескерту. Стандарт 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.03. 2017 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

### Бекіре тұқымдас балықтардың уылдырығын алу туралы ақпарат

| р/с № | Балықтың түрі | Балықтың жасы ( аймен немесе жылмен) | Балықтың салмағы ( киллограммен) | Алынған уылдырық салмағы (граммен ) | Уылдырықты алу тәсілі (сауып алу тәсілі (тірідей) немесе кесер тілігі тәсілі) |
|-------|---------------|--------------------------------------|----------------------------------|-------------------------------------|---|
|       |               |                                      |                                  |                                     |   |
|       |               |                                      |                                  |                                     |   |
|       |               |                                      |                                  |                                     |   |

"Қазақстан Республикасының ішкі нарығында сауда үшін бекіре тұқымдас балық түрлері уылдырығының таңбасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына  
3-қосымша  
Нысан

Өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. Стандарт 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) филиалының № \_\_\_\_ бөлімі (мекенжайы көрсетілсін) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбауыңызға, атап айтқанда:

жоқ құжаттардың атауы:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;
- 3) \_\_\_\_\_

ұсынбауыңызға байланысты, "Қазақстан Республикасының ішкі нарығында сауда үшін бекіре тұқымдас балық түрлері уылдырығының таңбасын беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге арналған өтінішіңізді қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бірден 2 (екі) данада жасалды.

\_\_\_\_\_  
(Мемлекеттік корпорация жұмыскерінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

Орындаушы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

Телефоны: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
Алдым: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(көрсетілетін қызметті алушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

20\_\_ жылғы " \_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрі  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 30 сәуірдегі  
№ 18-03/390 бұйрығына  
4 қосымша

**"Су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларын орнатуды келісу  
" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларын орнатуды келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация);

2) "электрондық үкіметтің" [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттар топтамасы Мемлекеттік корпорацияға тапсырылған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде - 5 (бес) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін барынша жол берілген күту уақыты - 15 (он бес) минуттан аспайды;

3) барынша жол берілетін қызмет көрсету уақыты - 15 (он бес) минут.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттар қабылданған күн мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - су тарту құрылысжайларының балық қорғау құрылғыларын орнатуды келісу хаты.

Порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру күні мен орнының белгіленгені туралы хабарлама жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық/қағаз түрінде.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) тегін көрсетіледі.

8. Мыналардың:

1) Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесі - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз, сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз "электрондық" кезек тәртібімен көрсетіледі, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық кезекті броньдауға болады.

2) порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Заңның 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басын куәландыратын құжат, ал өкіл үшін - көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігін растайтын құжат және жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларына арналған жобалық құжаттаманың көшірмесі;

2) порталға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған өтініш;

су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларына арналған жобалық құжаттаманың электрондық көшірмесі.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері немесе көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік жүйелерден алады."

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды:

Мемлекеттік корпорацияға тапсырған кезде - қағаз тасығыштағы өтініштің қабылданғанын тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат растайды;

портал арқылы тапсырған кезде - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында белгілеген мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей Мемлекеттік корпорацияға жеткізуді қамтамасыз етеді

Көрсетілген қызметті алушы осы көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын бермеген жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорация арқылы беру көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша оның өкілінің) жеке басын куәландыратын құжаты көрсетілген кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**



9-1. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 18-05/22 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10292 болып тіркелген) бекітілген Су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларына қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі.";

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды қажет ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айрылған көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы.

**Ескерту. Стандарт 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.03. 2017 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

**3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның жұмыскерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

**Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның жұмыскерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

шағым көрсетілетін қызметті беруші, Министрлік не Мемлекеттік корпорация басшысының атына осы мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша беріледі.

Шағым жазбаша түрде почтамен не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымның қабылданғанын шағымды қабылдаған адамның аты-жөні мен тегі, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) растайды.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" арыз туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші арызды өңдеуі (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

Мыналардың:

1) жеке тұлғаның шағымында оның аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты (бар болса), тегі, почталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның шағымында оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Арызға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

**4-тарау. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар**

Ескерту. 4-тарау жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Тіршілік әрекетін шектейтін ағза функцияларының тұрақты бұзушылығы бар, денсаулығы нашар көрсетілетін қызметті алушыларға, қажет болған жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарын қабылдауды Бірыңғай байланыс орталығы (1414, 8 800 080 7777) арқылы жүгіну арқылы Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері олардың тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің [www.moa.gov.kz](http://www.moa.gov.kz) интернет-ресурсындағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінің "Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары" кіші бөлімінде;

2) Мемлекеттік корпорацияның [www.gov4c.kz](http://www.gov4c.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Су тарту құрылыстарының  
балық қорғау құрылғыларын  
орнатуды келісу" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
стандартына 1-қосымша

Ескерту. Қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

---

(аумақтық инспекцияның атауы)

---

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), заңды тұлғаның атауы)

---

(мекенжайы, телефон және факс нөмірі)

\_\_\_\_\_ (бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі)

## Өтініш

\_\_\_\_\_ келісім беруіңізді сұраймын

Су тарту құрылысының түрі \_\_\_\_\_

—

\_\_\_\_\_ (қысқаша сипаттамасы)

Балық қорғау құрылғысының типі: \_\_\_\_\_

—

\_\_\_\_\_ (қысқаша сипаттама)

Су объектісінің атауы және орналасқан жері (су айдын, облыс, аудан, кент, ауыл ж.т.б.) \_\_\_\_\_

Су айдынның атауы \_\_\_\_\_

—

Балықты қорғау құрылғысын орнату күні/мерзімі \_\_\_\_\_

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және шынайы емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінішті берген күн " \_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл.

—

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын

құжатта бар болса), қолы, мөрдің орны (заңды тұлғаларға)

Өтініш 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қарауға қабылданды.

—

\_\_\_\_\_ (өтінішті қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты

(жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), қолы)

"Су тарту құрылыстарының  
балық қорғау құрылғыларын  
орнатуды келісу" мемлекеттік

## Өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. Стандарт 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) филиалының №\_\_\_\_ бөлімі (мекенжайы көрсетілсін) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбауыңызға, атап айтқанда:

жоқ құжаттардың атауы:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;
- 3) \_\_\_\_\_

ұсынбауыңызға байланысты, "Су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларын орнатуды келісу" мемлекеттік қызметін көрсетуге арналған өтінішіңізді қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бірден 2 (екі) данада жасалды.

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(Мемлекеттік корпорация жұмыскерінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

Орындаушы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

Телефоны: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
Алдым: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(көрсетілетін қызметті алушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_\_

**"Жабайы фауна мен флораның құрып кету қаупі төнген түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенцияның I және II қосымшаларына енгізілген жануарлар түрлерін қолдан өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік органда тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.03. 2017 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрі  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 30 сәуірдегі  
№ 18-03/390 бұйрығына  
6 қосымша

**"Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама беру"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру " электрондық үкіметтің" [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі порталға құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап - 2 (екі) жұмыс күні.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған);

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі және сонда сақталады.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін беру нысаны: электрондық.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) тегін көрсетіледі.

8. Порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



9. Көрсетілетін қызметті алушы порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжат:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш.

Жасанды жағдайларда өсірілген балықтар мен басқа да су жануарлары үшін қолдан өсірілгені туралы растайтын құжаттар және ұйымның жобалық қуатын растайтын құжаттар беріледі.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы, жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе жолданады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9-1. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 26-бабының 1-3-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.;"

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды қажет ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айрылған көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы.

**Ескерту. Стандар 9-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.03. 2017 № 110 (алғашқы**

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

### **3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша не Министрлік басшысының атына 010000, Астана қаласы, Кенесары көшесі, 36-үй, мекенжайы бойынша, 8 (7172) 55-58-03 телефоны бойынша беріледі.

Шағым жазбаша түрде почта арқылы не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің не Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жолданады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті берушінің өтінімдерді өңдеуі барысында (жеткені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылатын өтінім туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі не қызметті берушінің кеңсесінде қолдан беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Шағымда:

1) жеке тұлға – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), почталық мекенжайы;

2) заңды тұлға – атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті алушы өтінімге қол қоюы керек.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

#### **4-тарау. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар**

**Ескерту. 4-тарау жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің [www.moa.gov.kz](http://www.moa.gov.kz) интернет-ресурсындағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінің "Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары" кіші бөлімінде орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша  
Нысан

кімге \_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

кімнен \_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы)

мекенжайы \_\_\_\_\_

(индекс, облыс, қала, аудан, көше, үй №, пәтер № (бар болса), телефоны)

көрсетілетін қызметті алушының деректемелері \_\_\_\_\_

(бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі)

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.03. 2017 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

## Өтініш

Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама беруді сұраймын.

Ауланған балық немесе басқа да су жануарлары туралы ақпарат:

Табиғи ортадан ауланған/жасанды ортада өсірілген балықтар/су жануарлары (қажеттінің астын сызу керек)

| №  | Аулану орнының (су айдынының, учаскенің) атауы | Балықтардың немесе басқа су жануарларының түрлері | Орналасқан жері (су айдынының, учаскенің) | 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша ауланғаны (тонна)                    | Жыл басынан өсу ретімен | 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша қалған квота (тонна) | Жасанды өсірумен айналысатын ұйымның жобалық қуаты (тонна) |
|----|--|---|---|---|-------------------------|---|--|
|    |  |   |   | Өтініш берген күні балықтың немесе басқа да су жануарларының ауланған көлем |                         |   |  |
| 1. |  |   |   |   |                         |   |  |
| 2. |  |   |   |   |                         |   |  |
| 3. |  |   |   |   |                         |   |  |

Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттың нөмірі және күні \_\_\_\_\_

Көлік жүкқұжатының нөмірі және күні \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

Сату-сатып алу шартының нөмірі және күні \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және шынайы емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтініш берілген күн " \_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл.

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы,  
мөрдің орны (болған жағдайда))

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрі  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 30 сәуірдегі  
№ 18-03/390 бұйрығына  
7 қосымша

**"Әкімшілік органның Жабайы флора мен фаунаның құрып кету қаупі төнген түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенция қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағында әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсат беруі" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

**Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. "Әкімшілік органның Жабайы флора мен фаунаның құрып кету қаупі төнген түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенция қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағында әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсат беруі" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру " электрондық үкіметтің" [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

**Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі порталға құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап - 3 (үш) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі анықталған жағдайда , көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тартады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсат.

Порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру күні мен орнының белгіленгені туралы хабарлама жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**



7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушылар) ақылы негізде көрсетіледі.

Ақы төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін орындайтын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады, сондай-ақ портал арқылы ақы төлеу "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.

Төлемақы:

1) жануарларды таңбалау, сақиналау, қоныс аударту, жерсіндіру, ғылыми-зерттеу және шаруашылық мақсаттарда қолдан өсіру және



шағылыстыру мақсатында табиғи ортадан алу, кейіннен табиғи ортаға жіберу кезінде;

2) жеке және заңды тұлғалардың меншігі болып табылатын, қолдан өсірілген және еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұсталатын жануарлар дүниесі объектілерін пайдалану кезінде;

3) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның балық ресурстарын және басқа да су жануарлары түрлерін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме әзірлеу мақсатында балықтарды және басқа да су жануарларын бақылау үшін аулауды жүзеге асыруы кезінде;

4) халық денсаулығын қорғау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй жануарларын аурулардан алдын ала сақтау, қоршаған ортаға зиян келуін болдырмау, ауыл шаруашылығы қызметінің елеулі залал келтіруі қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге жататын жануарлар түрлерін алу кезінде алынбайды.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Көрсетілетін қызметті алушы порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар:

мынадай жағдайларда:

жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсаттар беру кезінде (кәсіпшілік балық аулауға, ғылыми-зерттемелік аулауға, мелиорациялық аулауға, өсімін молайту мақсатында аулауға, әуесқойлық (спорттық) балық аулауға) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсаттар беру кезінде (аң аулауға, жануарларды ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік, эстетикалық мақсаттарда,

сондай-ақ эпизоотияның алдын алу мақсатында пайдалануға, жануарлар түрлерін өсімін молайту мақсатында пайдалануға) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық нысандағы өтінім;

ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін ақы төленгені туралы төлем құжатының электрондық көшірмесі;

көрсетілетін қызметті алушы қол қойған, аң аулауды қоспағанда, жануарлар дүниесі объектілерін алуға қатысатын адамдар тізімінің электрондық көшірмесі.

Пайдалану түріне байланысты қосымша:

1) аң аулауға (алғашқы жүгінген кезде):

жануарлар дүниесі объектілерін алу шетелдіктердің қатысуымен жүргізілетін жағдайда - аңшылық шаруашылығы субъектісінің шетелдіктермен аң аулауды ұйымдастыруға арналған шартының электрондық көшірмесі;

2) ғылыми-зерттемелік аулауға:

қадағалаушы ғылыми ұйымның ғылыми кеңесі бекіткен ғылыми жұмыстар жүргізу негіздемесінің және ғылыми-зерттеу жұмыстары бағдарламасының электрондық көшірмелері;

жануарлар дүниесі объектілерін алу жоспарланып отырған көлемді негіздейтін есептемелердің электрондық көшірмелері;

бұдан бұрын берілген рұқсаттарды (рұқсаттар берілген жағдайда) пайдалану нәтижелері туралы есептің электрондық көшірмесі;

3) өсімін молайту мақсатында аулауға:

балық ресурстарының өсімін молайтуға арналған мемлекеттік тапсырысты орындау мақсаттары үшін аулау жағдайларын қоспағанда, қадағалаушы ғылыми ұйымның ғылыми кеңесі бекіткен биологиялық негіздеменің электрондық көшірмесі;

4) жануарларды ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік, эстетикалық мақсаттарда, сондай-ақ эпизоотияның алдын алу мақсатында пайдалануға:

эпизоотиялық мониторингтен басқа, қадағалаушы ғылыми ұйымның ғылыми кеңесі бекіткен ғылыми-тақырыптық жоспардан және ғылыми-зерттеу жұмыстары бағдарламасынан алынған үзіндінің электрондық көшірмелері;

эпизоотияның алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасындағы жануарлар ауруларының эпизоотиялық мониторингі үшін ветеринария саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік ветеринариялық ұйымының жыл сайынғы жұмыс жоспарының электрондық көшірмесі;

жануарлар дүниесі объектілерін алуды негіздейтін материалдардың (мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар биологиялық негіздеме) электрондық көшірмелері;

5) жануарлар түрлерін өсімін молайту мақсатында пайдалануға:

жануарлар дүниесі объектілерін алуды негіздейтін материалдардың ( мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар биологиялық негіздеме) электрондық көшірмелері.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші " электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе жолданады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) мемлекеттік экологиялық сараптаманың теріс қорытындысы не оның болмауы;

3) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 18-04/675 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10168 болып тіркелген) бекітілген Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнайы құқығынан айрылған соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.03. 2017 № 110 (алғашқы ресми**

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

### **3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша не Министрлік басшысының атына 010000, Астана қаласы, Кенесары көшесі, 36-үй, мекенжайы бойынша, 8 (7172) 55-58-03 телефоны бойынша беріледі.

Шағым жазбаша түрде почта арқылы не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің не Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жолданады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті берушінің өтінімдерді өңдеуі барысында (жеткені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылатын өтінім туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі не қызметті берушінің кеңсесінде қолдан беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Шағымда:

1) жеке тұлға – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), почталық мекенжайы;

2) заңды тұлға – атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті алушы өтінімге қол қоюы керек.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

#### **4-тарау. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар**

Ескерту. 4-тарау жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің [www.moa.gov.kz](http://www.moa.gov.kz) интернет-ресурсындағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінің "Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары" кіші бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

мемлекеттік көрсетілетін

қызмет стандартына

1-қосымша

Нысан

(кімге) \_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызметті  
берушінің толық атауы)

(кімнен) \_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызметті  
алушының толық атауы)

мекенжайы \_\_\_\_\_

(индекс, облыс, қала,  
аудан, көше, үй №,  
пәтер № (бар болса),  
телефоны) көрсетілетін қызметті  
алушының деректемелері

\_\_\_\_\_  
(бизнес-сәйкестендіру  
нөмірі/жеке сәйкестендіру  
нөмірі)

## Өтінім

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беруді (кәсіпшілік, әуесқойлық (спорттық),

ғылыми-зерттемелік аулау, мелиорациялық аулау, өсімді молайту мақсатында аулау) сұраймын

\_\_\_\_\_

Пайдалану түрі: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Су айдынының және (немесе) учаскесінің атауы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Алу мақсаты: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Алу тәсілдері: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Рұқсатты пайдалану үшін жауапты тұлғалар: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі)

Балық шаруашылығын жүргізуге арналған 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ №\_\_ шарт

Субъектіні аккредиттеу туралы куәліктің нөмірі, күні және сериясы (ғылыми-зерттемелік

аулау жағдайында) \_\_\_\_\_

Мекендеу ортасынан алу жоспарланған объектілердің тізбесі мен саны:

| Объектілердің атауы | Саны (тонна) |
|---------------------|--------------|
|                     |              |

Жыныстық-жас құрамы (қажет болған жағдайда) \_\_\_\_\_

Алу мерзімі \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейін

Болжанып отырған алу учаскесінің ауданы (аумағы) мен шекарасы \_\_\_\_\_

Алу құралы:

| Алу құралының атауы | Саны |
|---------------------|------|
|                     |      |

Жүзу құралдары:

| Кеме типі | Саны, дана |
|-----------|------------|
|           |            |

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік жайында хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісемін.

Өтінімнің берілген күні 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

"Жануарлар дүниесін  
пайдалануға рұқсат беру"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандартына  
2-қосымша  
Нысан

(кімге) \_\_\_\_\_  
(көрсетілетін қызметті  
берушінің толық атауы) (кімнен)  
\_\_\_\_\_



(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы)

мекенжайы \_\_\_\_\_

(индекс, облыс, қала, аудан, көше,

үй №, пәтер № (бар болса), телефоны)

көрсетілетін қызметті алушының деректемелері

\_\_\_\_\_ (бизнес-сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі)

## Өтінім

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат" беруді сұраймын (аң аулауға, өсімді

молайту мақсатында, жануарларды ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік, эстетикалық

мақсаттарда пайдалануға, сондай-ақ эпизоотияны болдырмау мақсатында) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Пайдалану түрі: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Алу мақсаты: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Алу тәсілдері: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттың нөмірі мен күні \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Рұқсатты пайдалану үшін жауапты тұлғалар: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі)

Мекендеу ортасынан алу жоспарланып отырған объектілердің тізбесі мен саны:

| Жануарлардың түрлері | Саны (дарақтар) | Учаскенің ауданы (аумағы) және шекарасы |
|----------------------|-----------------|---|
|                      |                 |   |
|                      |                 |   |

|  |  |  |
|--|--|--|
|  |  |  |
|  |  |  |
|  |  |  |

Жалпы құны (теңге) \_\_\_\_\_

Жыныстық-жас құрамы (қажет болған жағдайда) \_\_\_\_\_

Алу мерзімі \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейін

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік жайында хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісемін.

Өтінімнің берілген күні 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

"Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымша

## Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

Қазақстан Республикасында кәсіпшілік, әуесқойлық және спорттық аң аулау кезінде төлемақы мөлшерлемелері мынаны құрайды:

| Р/с № | Жабайы жануарлардың түрлері | Төлемақы мөлшерлемесі, бір дарак үшін (АЕК) |                                   |
|-------|-----------------------------|---|-----------------------------------|
|       |                             | кәсіпшілік аң аулау                         | әуесқойлық және спорттық аң аулау |
| 1     | 2                           | 3   | 4                                 |
| 1.    | Сүтқоректілер               |   |                                   |
| 1.1)  | бұлан (еркегі)              | -   | 16                                |
| 1.2)  | бұлан (ұрғашысы)            | -   | 11                                |
| 1.3)  | бұлан (бір жасар төлі)      | -   | 6                                 |
| 1.4)  | марал (еркегі)              | -   | 13                                |
| 1.5)  | марал (ұрғашысы)            | -   | 7                                 |
| 1.6)  | марал (бір жасар төлі)      | -   | 4                                 |
| 1.7)  | аскания бұғысы (еркегі)     | -   | 9                                 |

|       |  |       |       |
|-------|--|-------|-------|
| 1.8)  | аскания бұғысы (ұрғашысы)  | -     | 5     |
| 1.9)  | аскания бұғысы (бір жасар төлі)  | -     | 3,5   |
| 1.10) | елік (таралу аймағының солтүстік бөлігі, еркегі)   | -     | 4     |
| 1.11) | елік (таралу аймағының солтүстік бөлігі, ұрғашысы, бір жасар лағы)                                 | -     | 3     |
| 1.12) | елік (таралу аймағының оңтүстік бөлігі, еркегі)  | -     | 3     |
| 1.13) | елік (таралу аймағының оңтүстік бөлігі, ұрғашысы, бір жасар лағы)                                  | -     | 2     |
| 1.14) | сібір тау ешкісі (еркегі)  | -     | 4     |
| 1.15) | сібір тау ешкісі (ұрғашысы, бір жасар лағы)  | -     | 3,5   |
| 1.16) | құдыр  | -     | 2     |
| 1.17) | қабан (еркегі)   | -     | 4     |
| 1.18) | қабан (ұрғашысы, бір жасар торайы)   | -     | 3     |
| 1.19) | киік (еркегі)  | 4     | 5     |
| 1.20) | киік (ұрғашысы, бір жасар лағы)  | 3     | 4     |
| 1.21) | қоңыр аю (тяньшань аюынан басқасы)   | -     | 14    |
| 1.22) | өзен құндызы, кәмшат (орта азиялықтан басқасы)   | 1     | 2     |
| 1.23) | бұлғын   | 2     | 4     |
| 1.24) | суырлар (Мензбир суырынан басқасы)   | 0,060 | 0,12  |
| 1.25) | ондатр   | 0,045 | 0,9   |
| 1.26) | борсық, түлкі  | 0,10  | 0,20  |
| 1.27) | қарсақ   | 0,045 | 0,10  |
| 1.28) | америка қаракүзені   | 0,12  | 0,25  |
| 1.29) | сілеусін (түркістандықтан басқасы)   | -     | 0,45  |
| 1.30) | қояндар (құм қоян, ор қоян, ақ қоян)   | 0,010 | 0,045 |
| 1.31) | жанат тектес ит, жанат, құну, сарғыш күзен, ақ қалақ, ақкіс, сары күзен, сасық күзен, кәдімгі тиін | 0,020 | 0,35  |
|       |  |       |       |

|        |  |       |       |
|--------|--|-------|-------|
| 1.32 ) | саршұнақ (құм саршұнағы)   | 0,015 | 0,025 |
| 1.33 ) | қасқыр   | 0     | 0     |
| 1.34 ) | шиебөрі  | 0     | 0     |
| 2.     | Құстар   |       |       |
| 2.1)   | маймақ қаз (қызыл жемсаулы, қара жемсаулы)   | 0,015 | 0,030 |
| 2.2)   | саңырау құр  | -     | 0,15  |
| 2.3)   | құр  | -     | 0,055 |
| 2.4)   | гималай ұлары  | -     | 0,20  |
| 2.5)   | қырғауыл   | 0,020 | 0,060 |
| 2.6)   | қаздар* (сұр қаз, ақмаңдайлы қаз, қырманқаз), қарашақаз  | 0,020 | 0,045 |
| 2.7)   | үйректер* (отүйрек, сарыалақаз, барылдауық, ысылдақ шүрегей, қырылдақ шүрегей, боз үйрек, сары айдар үйрек, қылқұйрық, даурықпа шүрегей, жалпақ тұмсық, қызылтұмсық сүңгуір, қызылбас сүңгуір, айдарлы сүңгуір, айдарсыз теңіз сүңгуірі, ұшқыр үйрек, сусылдақ, айдарлы үйрек, қара тұрпан, кіші бейнарық, секпілтөс бейнарық, үлкен бейнарық)   | 0,010 | 0,020 |
| 2.8)   | қасқалдақ, қызғыш, шілдер (аққұр, тундра шілі, дала шілі, сұр шіл, сақалды шіл), кекілік, сұр құр, кептерлер (дыркептер, түзкептер, көк кептер, құз кептер), түркептер (кәдімгі түркептер, үлкен түркептер), шалшықшылар (күжіркей, шаушалшық, тауқүдірет, орман маңқысы, азия тауқүдіреті, тау маңқысы, маңқы, жылқышы, үлкен шалшықшы, орташа шалшықшы, үлкен шырғалақ, кіші шырғалақ) | 0,005 | 0,010 |
| 2.9)   | бөдене   | 0,005 | 0,010 |

Балық аулау объектілері болып табылатын жануарлардың түрлерін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері мынаны құрайды:

| Р/с № | Су жануарларының түрлері   | Төлемақы мөлшерлемелері (АЕК) |                     |
|-------|--|-------------------------------|---------------------|
|       |  | бір дарағы үшін               | бір килограммы үшін |
| 1     | 2  | 3                             | 4                   |
| 1.    | Кәсіпшілік және ғылыми мақсаттарда:  |                               |                     |
| 1.1)  | бекіре балықтары (қортпа, бекіре, шоқыр, сүйрік, тілмай)                         |                               | 0,064               |
| 1.2)  | майшабақтар (қарынсау, бражник шабағы, қаражон), тікенді балық, түйетабан, шабақ |                               | 0                   |
| 1.3)  | албырт балықтар (құбылмалы бақтақ, майқан, хариус)                               |                               | 0,017               |
| 1.4)  | ақсақа балықтар (көкшұбар, көк-шарбы, пайда, шыр, мұқсын), ұзын саусақты шаян    |                               | 0,012               |
| 1.5)  | қаракөз  |                               | 0,004               |
| 1.6)  | итбалық  | 1,93                          |                     |
| 1.7)  | ірі балықтар:  |                               |                     |
|       |  |                               |                     |

|         |   |       |       |
|---------|---|-------|-------|
| 1.7.1 ) | ақ амур, сазан, тұқы, ақмарқа, беріш, жайын, нәлім, дөңмаңдай, шортан, жыланбас балық, көксерке   |       | 0,013 |
| 1.8)    | ұсақ балықтар:  |       |       |
| 1.8.1 ) | табан, торта, тұрпа балық, майбалық, қызылкөз, көкбас, аққайран, мөңке, алабұға, оңғақ, кәдімгі және талас тарақ балығы, қызылқанат, балпан балық, білеу балық, айнакөз, көктұран, қылыш балық, буффало, шармай |       | 0,004 |
| 2.      | Спорттық-әуесқойлық (рекреациялық) балық аулауды жүргізу кезінде:   |       |       |
| 2.1)    | алып қоя отырып:  |       |       |
| 2.1.1 ) | ірі балықтар  |       | 0,017 |
| 2.1.2 ) | қортпа  |       | 6,5   |
| 2.1.3 ) | бекіре балықтары  |       | 5,5   |
| 2.1.4 ) | ақсақа, албырт балықтар   |       | 0,042 |
| 2.1.5 ) | ұсақ балықтар   |       | 0,008 |
| 2.1.6 ) | шаян  | 0,008 |       |
| 2.2)    | "ұстап алу-қоя беру" қағидаты негізінде:  |       |       |
| 2.2.1 ) | ірі балықтар  |       | 0,1   |
| 2.2.2 ) | бекіре балықтары (қортпа, бекіре, шоқыр, сүйрік, тілмай)  | 4,97  |       |
| 2.2.3 ) | ақсақа, албырт балықтар   |       | 0,27  |
| 2.2.4 ) | ұсақ балықтар   |       | 0,068 |

Өзге шаруашылық мақсаттарда (аңшылық пен балық аулаудан басқа) пайдаланылатын жануарлардың түрлерін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері мынаны құрайды:

| Р/с № | Жануарлардың түрлері           | Төлемақы мөлшерлемелері (АЕК) |                     |
|-------|--------------------------------|-------------------------------|---------------------|
|       |                                | бір дарағы үшін               | бір килограммы үшін |
| 1     | 2                              | 3                             | 4                   |
| 1.    | Сүтқоректілер:                 |                               |                     |
| 1.1 ) | шұбар мысық немесе дала мысығы | 0,030                         | -                   |
| 1.2 ) | қарақас                        | 0,015                         | -                   |
| 2.    | Құстар:                        |                               |                     |

|       |  |       |       |
|-------|--|-------|-------|
| 2.1 ) | кішкене, қара мойын, қызыл мойын, сұржак, үлкен сұқсыр, үлкен суқұзғын, үлкен көлбұқа, бақылдақ құтан, көкқұтан және сары құтан  | 0,010 | -     |
| 2.2 ) | үлкен аққұтан  | 0,015 | -     |
| 2.3 ) | маусымқұс, қошқылқанат және алтынжон татрен, шүрілдек, шаушүрілдек, моңғол шүрілдегі, сарысағақ шүрілдек, шығыс шүрілдегі, теңіз шүрілдегі, алқалы татрен, тасшырған, сутартар, тартар, кішкене тартар, титтей тартар, қызылқасқа сутартар, дала қарақасы, қарала балшықшы, бұлыңғыр, фифи, үлкен балшықшы, шөпілдек, тәкілдек балшықшы, бұлақшы, мамырқұс, кайқытұмсық балшықшы, ақжал қалтқы , ақтамақ қалтқы, құмғақша, қызылмойын құмдауық, ұзынсаусақ құмдауық, аққұйрық құмдауық, қызылбауыр құмдауық, қаратөс құмдауық, сүйірқұйрық құмдауық, құмқұс, тұнбашы, шалғын және дала қарақасы, сақиналы түркептер, сарыжағал қараторғай, сарытұмсық шауқарға, қараторғай, пайыз торғай, қызылтелпекті құнақ, көкқарға, бозторғайлар (айдарлы, тенбілтөс, ұзынтұмсық, сұр, сор, дала бозторғайы, қараалқалы, аққанат, қара, құлақты, орман бозторғайы, егіс бозторғайы, шауторғай), қызылтұмсық шауқарға, алабажақ сайрауық | 0,005 |       |
| 2.4 ) | қаршыға  | 0,010 |       |
| 2.5 ) | қырғи, маубас жапалақ, байғыз, жүнбалақ байғыз, құлақты жапалақ, саз жапалағы, жамансары   | 0,045 |       |
| 3.    | Бауырымен жорғалаушылар:   |       |       |
| 3.1 ) | орта Азия тасбақасы, саз тасбақасы   | 0,020 | -     |
| 3.2 ) | ешкімер, бат-бат кесіртке, жұмырбас құм кесіртке, сығыркөз   | 0,010 | -     |
| 3.3 ) | бозша жылан  | 0,045 | -     |
| 3.4 ) | өрнекті қарашұбар жылан, шығыс және құм жыланы   | 0,035 | -     |
| 3.5 ) | көлбақа  | 0,005 | -     |
| 4.    | Омыртқасыз су жануарлары:  |       |       |
| 4.1 ) | артемия (цисталары)  | -     | 0,045 |
| 4.2 ) | гаммарус, шашақ мұрт шаяндар   | -     | 0,010 |
| 4.3 ) | Сүліктер   | -     | 0,030 |
| 4.4 ) | басқа да су омыртқасыздары мен цисталары   | -     | 0,005 |

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрі  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 30 сәуірдегі  
№ 18-03/390 бұйрығына  
11 қосымша

# **"Саны реттеуге жататын жануарлар түрлерін алып қоюға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Саны реттеуге жататын жануарлар түрлерін алып қоюға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызметі).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру " электрондық үкіметтің" [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі порталға құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап - 2 (екі) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, көрсетілген мерзімдерде өтінімді одан әрі қараудан уәжді бас тартады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).



**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша саны реттеуге жататын жануарлар түрлерін алуға арналған рұқсат.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі және сонда сақталады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) тегін көрсетіледі.

8. Порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Көрсетілетін қызметті алушы порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжат:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінім.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік

қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе жолданады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9-1. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнайы құқығынан айрылған соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы.

**Ескерту. Стандарт 9-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.03. 2017 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

**3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

**Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша не

Министрлік басшысының атына 010000, Астана қаласы, Кенесары көшесі, 36-үй, мекенжайы бойынша, 8 (7172) 55-58-03 телефоны бойынша беріледі.

Шағым жазбаша түрде почта арқылы не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің не Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жолданады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті берушінің өтінімдерді өңдеуі барысында (жеткені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылатын өтінім туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі не қызметті берушінің кеңсесінде қолдан беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Шағымда:

1) жеке тұлға – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, почталық мекенжайы;

2) заңды тұлға – атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті алушы өтінімге қол қоюы керек.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

#### **4-тарау. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар**

Ескерту. 4-тарау жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің [www.moa.gov.kz](http://www.moa.gov.kz) интернет-ресурсындағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінің "Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары" кіші бөлімінде орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Саны реттеуге жататын  
жануарлар түрлерін алып  
коюға рұқсат беру" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
стандартына  
1-қосымша  
Нысан

(кімге) \_\_\_\_\_  
(көрсетілетін қызметті  
берушінің толық атауы) (кімнен)

\_\_\_\_\_  
(көрсетілетін қызметті  
алушының толық атауы)  
мекенжайы

\_\_\_\_\_  
(индекс, облыс, қала, аудан,  
көше, үй №, пәтер №  
(бар болса), телефоны)  
көрсетілетін қызметті  
алушының

## Өтінім

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Саны реттелуге жататын жануарлар түрлерін алуға рұқсат беруді сұраймын.

|  |  |   |  |  |                             |
|--|--|---|--|--|-----------------------------|
| Жануарлар санын реттеу мақсаты және негізі | Алып қою тәсілдері (жою, олжалау, аулау, атып алу, жинау, соғып алу) | Аңшылық куәлігінің және қызметтік қаруды және оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтауға және өзімен алып жүруге, тасымалдауға арналған рұқсаттың нөмірін, берілген күнін және қолданылу мерзімін көрсете отырып, рұқсатты пайдалануға жауапты тұлға. Шетелдік тұлғалар үшін шетелдіктің тұрғылықты аумағында берілген аң аулауға және аң аулау кезінде қаруды пайдалануға құқық беретін құжаттардың нөмірін және берілген күнін көрсету. Балықтың санын реттеу жағдайында, балықшы куәлігінің нөмірі, берілген күні және қолданылу мерзімі көрсетіледі. Шетелдік тұлғалар үшін шетелдіктің тұрғылықты аумағында берілген балық аулауға құқық беретін құжаттардың | Аң мен балық аулау объектілері болып табылмайтын жануарлардың атауы және алу көлемі (дарақ, тонна) (бір аңшыға қасқыр мен шибөріні үш дарақтан артық алмауға шектеу белгіленеді) | Жануарлар санын реттеу учаскесінің ауданы (аумағы) және шекарасы (ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қоспағанда, аңшылық шаруашылығы субъектісімен келісім бойынша аңшылық шаруашылығы аумағында) | Жыныстық-жас құрамы (қажет) |
|--|--|---|--|--|-----------------------------|

|   |   |                                     |   |   |   |                  |
|---|---|-------------------------------------|---|---|---|------------------|
|   |   | нөмірін және берілген күнін көрсету |   |   |   | болған жағдайда) |
| 1 | 2 | 3                                   | 4 | 5 | 6 | 7                |
|   |   |                                     |   |   |   |                  |

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілік жайында хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісемін.

Өтінімнің берілген күні 20\_\_жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

"Саны реттеуге жататын жануарлар түрлерін алып қоюға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша Нысан

### Саны реттелуі тиіс жануарлар түрлерін алуға арналған № \_\_\_\_\_ рұқсат

Ескерту. Стандарт 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

|  |  |  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|--|--|
| Аңшылық куәлігінің және азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтауға және өзімен алып жүруге, тасымалдауға арналған рұқсаттың нөмірін, берілген күнін және |  |  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|--|--|

|  |   |   |   |   |                                 |   |  |
|--|---|---|---|---|---------------------------------|---|--|
| <p>қолданылу мерзімін көрсете отырып, берілді (жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі. Шетелдік тұлғалар үшін шетелдіктің тұрғылықты аумағында берілген аң аулауға және аң аулау кезінде қаруды пайдалануға құқық беретін құжаттардың нөмірін және берілген күнін көрсету. Балық санын реттеу жағдайында, балықшы куәлігінің нөмірі, берілген күні және қолданылу мерзімі көрсетіледі. Шетелдік тұлғалар үшін шетелдіктің тұрғылықты аумағында берілген балық аулауға құқық беретін құжаттардың нөмірін және берілген</p> | <p>Жануарлар санын реттеу мақсаты және негізі</p> | <p>Жануарлар санын реттеу учаскесінің ауданы (аумағы) және шекарасы (Алу ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қоспағанда, аңшылық шаруашылығы-ғы субъектісі-мен келісім бойынша аңшылық шаруашылығы аумағында)</p> | <p>(Алу тәсілдері (жою, олжалау, аулау, атып алу, жинау, соғып алу)</p> | <p>Жануарлар түрлері және жыныстық-жас құрамы (қажет болған жағдайда)</p> | <p>Жануар-ларды алу мерзімі</p> | <p>Аумақтық бөлімшеге рұқсаттың пайдаланылуы туралы есеп ұсыну мерзімі (рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін күнтізбелік 10 күн ішінде)</p> | <p>Бақылау (аумақтық бөлімшенің атауы) жүктеледі</p> |
|--|---|---|---|---|---------------------------------|---|--|



|                  |   |   |   |   |   |   |   |
|------------------|---|---|---|---|---|---|---|
| күнін<br>көрсету |   |   |   |   |   |   |   |
| 1                | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
|                  |   |   |   |   |   |   |   |
|                  |   |   |   |   |   |   |   |

Берілген күні 20\_\_жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_.

Берген: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(уәкілетті лауазымды адамның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)